

Сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтер

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области архитектуры,

градостроительства и строительства

СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**ГИМАРАТТАР ЖӘНЕ ИМАРАТТАРДЫҢ ӨРТ
ҚАУПСІЗДІГІ**

**ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ЗДАНИЙ И
СООРУЖЕНИЙ**

ҚР ҚН 2.02-01-2023

СН РК 2.02-01-2023

**Ресми басылым
Издание официальное**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития РК

Астана 2023

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «Қазақ құрылымы және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты» акционерлік қоғамы
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылымы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылымы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2023 жылғы 16 маусымдағы № 105-НҚ бүйрекмен 2023 жылғы 16 маусымнан бастап
- 4 **ОРНЫНА** ҚР ҚН 2.02-01-2019

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** Акционерное общество «Казахский научно-исследовательский и проектный институт строительства и архитектуры»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 16 июня 2023 года № 105-НҚ с 16 июня 2023 года
- 4 **ВЗАМЕН** СН РК 2.02-01-2019

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылымы және құрылым істері жөніндегі уәкілдепті мемлекеттік органының рұқсатысыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінана қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

МАЗМУНЫ

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	2
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
4 ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР	3
5 ФИМАРАТТАРДЫҢ СӘУЛЕТ-ЖАЙФАСТЫРУ ШЕШІМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	4
5.1 Фимараттардың үй-жайлары және бөлімдеріне қойылатын талаптар	4
5.1.1 Өрт бөліктеріне қойылатын талаптар	4
5.1.2 Қабаттарға қойылатын талаптар	6
5.1.3 Үй-жайларға қойылатын талаптар	6
5.2 Эвакуациялық және апаттық шығуларға қойылатын талаптар	7
5.3 Эвакуациялық жолдарда орналасқан құрылыш әлементтеріне қойылатын талаптар	8
5.4 Лифттер және лифт шахталарына қойылатын талаптар	11
5.5 Терезелерге, ойықтарға және басқа құрылыш әлементтеріне қойылатын талаптар	12
5.6 Көп жарықты кеңістіктерге атриумдарға қойылатын талаптар	13
6 ҚҰРЫЛЫС ҚҰРЫЛМАЛАРЫНА ЖӘНЕ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ТОСҚАУЫЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	14
6.1 Көтеруші және қоршаша құрылмаларына қойылатын талаптар	14
6.2 Өртке қарсы тосқауылдарға қойылатын талаптар	16
6.3 Өртке қарсы қабырғалар және арақабырғаларға қойылатын талаптар	16
6.4 Жаппаларға қойылатын талаптар	16
7 ИНЖЕНЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	17
8 ГАЛЕРЕЯЛАРҒА, ЭСТАКАДАЛАРҒА, ТОННЕЛЬДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	18
A - ҚОСЫМШАСЫ (<i>акпараттық</i>) «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентіне сілтеме жасайтын пункттеріне айналатын КР ҚН 2.02-03-2023 талаптары	20
Б - ҚОСЫМШАСЫ (<i>міндетті</i>) Тиісті нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізу туралы бұйрық бекітілгенге дейін КР ҚН 2.02-01-2023 құрамында қолданылатын талаптар	24

ЖАЗБАЛАР ҮШІН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҒИМАРАТТАР ЖӘНЕ ИМАРАТТАРДЫҢ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ
ПОЖАРНАЯ БЕЗОПАСНОСТЬ ЗДАНИЙ И СООРУЖЕНИЙ

Енгізілген күні – 2023-06-16

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы құрылыш нормалары 1.3-тармақта аталғандардан басқа, барлық санаттағы ғимараттар және имараттарға қолданылады және жобаланатын, жаңадан салынатын, кеңейтілетін және реконструкцияланатын ғимараттар және имараттар, олардың құрамдас элементтері және бөліктері, үй-жайлар, құрылыш материалдары, бұйымдар және құрылмалар үшін өрттен қорғаудың қолайлы талаптарын қамтиды. Құжатқа құрылышты жобалық дайындау кезеңінде қолданылатын талаптарды қамтиды.

1.2 Қолданыстағы ғимараттардың немесе олардағы жекелеген үй-жайладың функциялық мақсаты өзгерген кезде, сондай-ақ көлемді-жайғастыру және құрылмалық шешімдері өзгерген кезде осы ғимараттардың немесе үй-жайлардың жаңа мақсатына сәйкес осы құрылыш нормативінің өртке қарсы қорғау талаптары қолданылады.

1.3 Құрылыш нормаларының талаптары келесілерге қолданылмайды:

- арнайы мақсаттағы ғимараттар (жарылғыш заттар және жару құралдарын, әскери мақсаттағы, атом электр стансалары және ядролық реакторлары бар басқа да объектілерді өндіру және сақтау үшін, метрополитендер және тау-кен қазындыларының жерасты имараттары, өрт деполары);

- бірегей құрылмалық шешімдері және (немесе) құрылмалары бар құрылыш объектілері;

- жобалау тапсырмасында көрсетілген құрылыш объектілері, жобалау шешімдеріне қойылатын техникалық параметрлер және талаптар осы құрылыш нормаларына сәйкес келмейді;

- жобалау тапсырмасында көрсетілген құрылыш объектілері, жобалау шешімдеріне қойылатын техникалық параметрлер және талаптар осы құрылыш нормаларын қолдану барысында объектінің өрт қауіпсіздігін толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді;

- тергеу изоляторларын, түзеу колонияларын, түрмелерді қоса алғанда, инфрақұрылым объектілері бар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің құрылыш объектілері (медициналық қызмет көрсету объектілері, өндірістік кешендер және басқа да объектілер);

- биіктігі 75 м көп Ф1.3 функциялық өрт қауіптілігі класының ғимараттары.

- жер асты автотұрақтарымен саны бестен көп емес ғимараттардан басқа, жер асты қабаттарының саны біреуден көп ғимараттар.

Ескертпе - Объектілерді ғимараттар және имараттарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан құрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін анықтау Ережелеріне сәйкес бірегей құрылмалық шешімдері және (немесе) құрылмалары бар құрылыш объектілеріне жатқызады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы құрылым нормаларын қолдану үшін келесі сілтеме нормативтік құжаттар қажет:

«Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы» Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті. Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 40 шешімімен бекітілген.

«Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылды 21 ақпандағы № 55 бұйрығымен бекітілген.

Ғимараттар және имараттарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызуудың жалпы тәртібін айқындау ережелері. Қазақстан Республикасы ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығымен бекітілген.

Электр қондырғыларын орнату қағидалары. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығымен бекітілген.

ҚР ҚН 1.02-03-2022 Құрылымқа арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, келісу, бекіту тәртібі және құрамы.

ҚР ҚН 2.02-02-2023 Ғимараттар мен имараттардың өрт автоматикасы.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылымы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылымын салу.

ҚР ҚН 3.01-02-2012 Жеке тұрғын үй құрылымы аудандарын жоспарлау және құрылымын салу.

ҚР ҚН 3.01-03-2011. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары.

ҚР ҚН 3.01-04-2014. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бас жоспарлары.

ҚР ҚН 3.02-28-2011 Өнеркәсіптік кәсіпорындар имараттары.

ҚР ҚН 3.02-36-2012 Едендер.

ҚР ҚН 3.02-37-2013*. Шатырлар және жаппалар.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар және имараттардың ішкі су күбыржолы және канализациясы.

ҚР ҚН 4.02-01-2011* Ауаны жылыту, желдету және баптау.

Ескертпе – Осы мемлекеттік нормативті қолдану кезінде ақпараттық каталогтар бойынша сілтеме құжаттарының әрекетін тексеру орынды «Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылымы және құрылым саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік-техникалық актілердің тізбесі», «ҚР техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық стандарттары және ұлттық жіктеушілерінің каталогы» және «Мемлекетаралық стандарттар каталогы» ақпараттық каталогтары бойынша, ағымдағы жылғы жағдай бойынша жыл сайын және ағымдағы жылды жарияланған әрайлық шығарылатын ақпараттық бюллетень-журналдарға және стандарттардың ақпараттық көрсеткіштеріне сәйкес жүргізіледі. Егер сілтеме құжаты ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы нормативті пайдалану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу керек, егер сілтеме құжаты ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген орын осы сілтемені қозғамайтын болігінде қолданылады.

3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы құрылымында Еуразиялық экономикалық одақтың «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы» техникалық регламентінде және «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінде келтірілген тиісті анықтамалары бар терминдер, сондай-ақ мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Атриум: Ғимараттың қабатты бөліктерінен (галереялармен, үй-жайлардың қоршау құрылмаларымен және т.б.) іргелес, вертикаль бойымен дамыған көптүсті кеңістік түріндегі ғимараттың бөлігі.

3.2 Көптүсті кеңістік (кеңжақты үй-жай): Ғимарат ішінің көлемі, жабындарда ашық ойықтары бар, биіктігі бойынша бірнеше қабатты алыш жатыр.

3.3 Өрт техникасына арналған кіреберіс: Авариялық-құтқару жұмыстарын және өртті сөндіру бойынша істерін орындау үшін өрт техникасының тікелей объектіге дейін жүріп өтуіне арналған аумақ учаскесі немесе имараттар (көпір, эстакада және т.б.).

3.4 Өрт техникасы үшін өтпе жолдар: Өрт техникасының белгіленген аумақ арқылы өтпелі өтуі мүмкін жол.

4 ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

4.1 Ғимараттар және имараттардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жобалау-сметалық құжаттаманың бөлімі ҚР ҚН 1.02-03 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.2 Ғимараттар және имараттардағы құрылымы материалдары өрт қауіптілігі көрсеткіштері бойынша «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.3 Ғимараттардың өрт қауіпсіздігі Еуразиялық экономикалық одақтың «Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өрт сөндіру құралдарына қойылатын талаптар туралы» Техникалық регламентінің, «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.4 Осы құрылымындағы нормаларының талаптары функциялық мақсатының ерекшеліктерін, сондай-ақ ғимараттардың, үй-жайлардың және инженерлік жүйелердің жекелеген түрлерін өрттен қорғау ерекшеліктерін ескеретін өрт қауіпсіздігі саласындағы (салалық, арнайы) басқа да мемлекеттік нормативтер және құжаттарда баяндалған өртке қарсы талаптармен бірлесіп қолданылуы қажет.

4.5 Құрылмалық, көлемдік-жайғастыру, инженерлік-техникалық шешімдер және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шаралар ғимараттың отқа төзімділік дәрежесіне, құрылмалық және функциялық өрт қауіптілігі класына қарай тандалуы қажет.

4.6 Құрылмалық, көлемдік-жайғастыру, инженерлік-техникалық шешімдер және ұйымдастырушылық сипаттағы іс-шараларға келесілер жатады:

- өрт техникасына арналған, немесе функциялық өтпе жолдармен және кірме жолдармен біріктірілген, арнайы өрт өтпе жолдары және кірме жолдар құрылғысы;

- сыртқы өрт баспалдақтар және өртке қарсы бөлімшелерінің персоналы және өрт техникасын ғимараттың қабаттарына және жаппасына көтерудің басқа тәсілдерін қамту, оның ішінде оның ішінде өртке қарсы бөлімшелерді тасымалдауға арналған лифтілерді құрылғысы;

- ҚР ҚН 4.01-01 сәйкес арнайы өртке қарсы сумен қамту жүйесінің құрылғысы, құрғақ құбыржолдар және өрт сыйымдылықтарының құрылғысы;
- эвакуациялық жолдарды түтінге қарсы қорғау;
- ғимараттарды қажетті жағдайларда «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенттеріне сәйкес және есептеулерге сәйкес адамдарды құтқарудың ұжымдық және жеке құралдарымен жабдықтау;
- елді мекендерде немесе құрылыш объектісінің аумағында жеке құрамның қажетті саны бар және өрт техникасымен жарақтандырылған өртке қарсы қызмет бөлімшелерін олардың қолданылу радиусында орналасқан объектілерде өрт сөндіру шарттарына сәйкес орналастыру.

4.7 Негізгі және арнайы өрт машиналарына арналған өтпе жолдар және кіребертер «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің, ҚР ҚН 3.01-01, ҚР ҚН 3.01-02, ҚР ҚН 3.01-03, ҚР ҚН 3.01-04 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

4.8 Өрт автомашиналарының өтпе жолдарынана кіреберістерді қарастыру қажет:

- ғимараттардан негізгі эвакуациялық шығуларға;
- өртке қарсы бөлімшелер үшін лифттерге (өрт лифттеріне) аппаратын кіреберістерге.

4.9 Әртүрлі жарылыш өрт және өрт қауіптілігі технологиялық процестері бар ғимараттарда немесе үй-жайларда жарылыштың және өрттің таралуының алдын алу жөніндегі шараларды қарастыру қажет.

4.10 Егер жарылыштың және өрттің таралуының алдын алу шаралары жеткілікті тиімді болмаса, онда әртүрлі өрт жарылыш және өрт қаупі бар технологиялық процестерді жеке үй-жайларда орналастыру қажет.

4.11 А және Б санатындағы ғимараттарда және ауаға қатысты тығыздығы 0,8 артық жарылыш қаупі бар немесе улы газдар, сондай-ақ жарылыш қаупі бар тозаң қолданылатын немесе түзілетін сыртқы қондырғылар орналасқан аумақтарда жертөле қабаттарын, туннельдер және арналарды қарастыруға рұқсат етілмейді.

4.12 Көп қабатты ғимараттарды вертикаль өрт бөліктеріне бөлу қажет.

4.13 Өрт автоматикасы жүйелерін ҚР ҚН 2.02-02 талаптарына сәйкес қарастыру қажет.

4.14 Ұжымдық қорғаныс жүйелері және адамдарды жеке қорғау құралдары өрттің қауіпті факторларының әсер ету уақытының ішінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

4.15 Ұжымдық қорғау өртке қауіпсіз аймақтар және басқа да көлемдік-жайғастыру және құрылмалық шешімдердің көмегімен қамтамасыз етілуі тиіс.

5 ҒИМАРАТТАРДЫҢ СӘУЛЕТ-ЖАЙҒАСТЫРУ ШЕШІМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Ғимараттардың үй-жайлары және бөлімдеріне қойылатын талаптар

5.1.1 Өрт бөліктеріне қойылатын талаптар

5.1.1.1 Өрт бөліктерінің ауданы және қабаттар мөлшері өрт жарылышы және өрт

қауіптілігінің санатына, өртке төзімділік дәрежесіне, ғимараттардың құрылмалық және функциялық өрт қауіптілігі кластарына, өрт кезінде өртті анықтау және сөндіру құралдарының сенімділігін ескере отырып, өрт жүктемесінің шамасы және отқа төзімділік шектерінің арақатынасымен белгіленетін негізгі құрылыш құрылмаларының отқа төзімділік шегіне жету мүмкіндігіне қарай шектеу қажет.

5.1.1.2 Өрт бөлігіндегі қабаттың ауданы, ғимараттың сыртқы қабырғаларымен және/немесе 1-ші типті өртке қарсы қабырғалармен шектелген максималды қабат ауданы ретінде анықталуы қажет.

5.1.1.3 Егер өрт бөлігінің шегінде өткелдермен, туннельдермен немесе галереялармен жалғанған үй-жайлар болса, онда өрт бөлігінің шегіндегі қабат ауданына үй-жайлардың аудандары және үй-жайларды жалғайтын өткелдердің, туннельдердің немесе галереялардың аудандары қосылуы қажет.

5.1.1.4 Егер Ф5.1, Ф5.2 және Ф5.3 класты функциялық өрт қауіптілігі кластиңдағы ғимараттарда аражабындарда ашық ойықтар болса, онда өрт бөлігінің шегіндегі қабат ауданын ойықтармен жалғанған, қабаттар аудандарын жинақтау жолымен есептеу қажет.

5.1.1.5 Ф1.1, Ф1.2, Ф2-Ф4 функциялық өрт қауіптілігі кластарының ғимараттары үшін, егер олар ғимараттың негізгі бөлімінен 1-ші типті өртке қарсы қабырғалармен бөлінбесе, өрт бөлігі шегіндегі қабат ауданы ғимаратқа жапсарлас салынған қалқалардың, террасалар және галереялардың ауданын қосу қажет.

5.1.1.6 Егер көпжарықты кеңістік оған жапсарлас үй-жайлардан және дәліздерден өртке қарсы қабырғалармен және 1-ші типтегі өртке қарсы арақабырғалармен бөлінбеген үй-жайда орналасса, онда Ф1.1, Ф1.2, Ф1.5, Ф2-Ф4 өрт қауіптілігі функционалдық кластарының ғимараттарындағы өрт бөлігі шегіндегі қабат ауданы ашық баспалдақтарды, эскалаторларды, атриумдарды және т.б. орналастыруға арналған көпжарықты кеңістіктермен ғимараттың сыртқы қабырғаларымен және/немесе 1-ші типті өртке қарсы қабырғалармен шектелген көпжарықты кеңістік көлемі шегінде орналасқан көпжарықты кеңістік басталатын қабат ауданын және барлық жоғарыдағы қабаттардың аудандарын қосу жолымен анықтау қажет.

5.1.1.7 Егер көпжақты кеңістік өртке қарсы қабырғалармен және 1-ші типті өртке қарсы арақабырғалармен оған жанасатын үй-жайлар және дәліздерден бөлінбеген үй-жайда орналасса, онда Ф1.1, Ф1.2, Ф1.5, Ф2-Ф4 өрт қауіптілігі функционалдық кластарының ғимараттарындағы өрт бөлігінің шегіндегі қабат ауданы ашық баспалдақтарды, эскалаторларды, атриумдарды және т.б. орналастыруға арналған, қабат ауданын қосу жолымен анықтау қажет, барлық жоғарыдағы қабаттардың көпжақты кеңістігі және аудандары басталатын ғимараттың сыртқы қабырғаларымен және/немесе 1-ші типті өртке қарсы қабырғалармен шектелген көп жарықты кеңістік көлемінің шегінде орналасқан.

5.1.1.8 Егер көп жарықты кеңістік өртке қарсы экрандармен немесе өрт кезінде көп жарықты кеңістікті ғимараттың басқа бөліктерінен бөлетін өртке қарсы переделермен жабдықталған болса, онда көп жарықты кеңістігі бар өрт бөлігінің қабатының ғимараттың сыртқы қабырғаларымен және/немесе Егер көп жарықты кеңістік өртке қарсы экрандармен немесе өрт кезінде көп жарықты кеңістікті ғимараттың басқа бөліктерінен бөлетін өртке қарсы переделермен жабдықталған болса, онда көп жарықты кеңістігі бар өрт сөндіру бөлігінің қабатының аланын ғимараттың сыртқы қабырғаларымен және/немесе өртке қарсы қабырғалармен шектелген көп жарықты кеңістіктің төменгі қабатының ауданына тең қабылдау қажет 1-ші типті өртке қарсы қабырғалармен шектелген көп

жарықты кеңістіктің төменгі қабатының ауданына тең қабылдау қажет 1-ші типті.

5.1.1.9 Егер ғимарат бірнеше өрт бөлімдерінен тұрса, онда ғимараттың әрбір өрт бөлімі өрттен қорғау жүйелерінің автономды секцияларымен, сондай-ақ өрт пунктімен жарақтандырылуы тиіс.

5.1.1.10 Өрт бөліктері арасындағы байланыс келесідей жүзеге асырылады:

- горизонтальды - өртке қарсы есіктермен, өртке қарсы жылжымалы арақабырғалармен, өртке қарсы қақпалармен, өртке қарсы перделермен, дренчерлік шымылдықтармен қорғалған ойықтар арқылы;

- вертикальды - өрт кезінде ауаны қысумен тұтіндемейтін баспалдақ торы және лифт шахталары арқылы.

5.1.1.11 Өртке қарсы аймақ ғимаратты бүкіл ені немесе ұзындығы және биіктігі бойынша бөлөтін ендірме түрінде орындау қажет.

5.1.1.12 Өнеркәсіптік кешендердегі өртке қарсы аймақтардың құрылмалық шешімдері ҚР ҚН 3.02-28 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.1.1.13 Ғимараттар және корпустар арасындағы өткелдердің құрылыш материалдары жанбайтын болуы тиіс.

5.1.1.14 Фермааралық кеңістіктің жану өнімдерінің таралуын шектеу бойынша шараларын қарастыру қажет.

5.1.2 Қабаттарға қойылатын талаптар

5.1.2.1 Жертөле және ірге қабаттарында Ф1.1, Ф1.2, Ф1.3 класти үй-жайларда орналастыруға тыйым салынады.

5.1.2.2 Жертөле қабаттарында және ірге қабаттарында жеңіл тұтанатын материалдар сақталатын үй-жайларды, немесе жанғыш газдар және сұйықтықтар тасымалданатын үй-жайларды орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.1.2.3 Жертөле қабатының әрбір бөлігінде, оның ішінде өртке қарсы қабырғалармен немесе өртке қарсы арақабырғалармен бөлінген дәлізде шұңқыршалары бар екі терезеден кем емес қарастырылуы қажет.

5.1.2.4 Мансард қабаттары жер үсті қабаттарына қойылатын өртке қарсы талаптарға сай болуы тиіс.

5.1.2.5 Ғимараттың қабатын анықтау кезінде мансардтары бар ғимараттардағы мансардтық қабатты ескеру қажет.

5.1.3 Үй-жайларға қойылатын талаптар

5.1.3.1 Үй-жайларды жалынның немесе жану өнімдерінің жоғары температураға дейін қызуы нәтижесінде, ойықтар және саңылаулар арқылы, құрылыш құрылмалары және инженерлік коммуникациялар бойынша, сыртқы ойықтар бойынша вертикаль және горизонтал, сондай-ақ қоршау құрылмаларын немесе коммуникацияларды қыздыру немесе олардың бұзылуы нәтижесінде өрттің іргелес үй-жайларға таралу қаупін ескере отырып орналастыру қажет.

5.1.3.2 Өртке қарсы аймақ шегінде орналасқан үй-жайларда жанғыш газдарды, жанғыш сұйықтықтар, жанғыш материалдарды және жанғыш тозаң қолдануға және сақтауға, пайды болуымен байланысты процестерді қарастыруға рұқсат етілмейді.

5.1.3.3 Жертөле қабаттарында орналасқан және инженерлік жабдықтарды орналастыру және инженерлік коммуникацияларды төсөуге арналған үй-жайларды басқа үй-жайлардан өртке қарсы арақабырғалармен бөлу қажет.

5.1.3.4 А және Б санаттарындағы үй-жайларда этажеркалардың жекелеген болат құрылмаларын ұшқынның пайда болуынан қорғауды қарастыру қажет.

5.1.3.5 2-ші типті баспалдақ немесе эскалатор орналасқан үй-жайды оған жапсарлас дәліздерден және басқа үй-жайлардан өртке қарсы тосқауылдармен бөлу қажет.

5.1.3.6 А және Б санатындағы Ф5 класты үй-жайларды бір мезгілде 50 артық болатын адамға арналған үй-жайлардың астына орналастыруға тыйым салынады.

5.1.3.7 А және Б санатындағы Ф5 класты үй-жайларды жертөле қабаттарында және ірге қабаттарында орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.1.3.8 А және Б санатындағы үй-жайларға барлық типтегі локомотивтер үшін кіруді қарастыруға рұқсат етілмейді.

5.1.3.9 В1-В4 санатындағы үй-жайларға және К2, К3 кластарының аражабындары немесе жабындар құрылмалары бар үй-жайларға паровоздар және тепловоздардың кіруін қарастыруға рұқсат етілмейді.

5.1.3.10 Өртке қарсы қорғау жүйесін орталық басқару пультінің үй-жайдын инженерлік қызметтердің диспетчерлік үй-жайдымен біріктіруге рұқсат етілмейді.

5.1.3.11 Коқысжинағыш камераның сыртқа қарай ашылатын дербес шығу болуы тиіс.

5.1.3.12 Коқысжинағыш камераны тұрғын бөлмелердің астына немесе оларға іргелес орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.2 Эвакуациялық және апattyқ шығуларға қойылатын талаптар

5.2.1 Эвакуациялық шығуларына жазық шатырға шығу, оның ішінде пайдаланылмайтын жаппаға шығу жатады, ол бойынша 3-ші типті баспалдаққа өту мүмкін болады.

5.2.2 Эвакуациялық шығулар ойықтарында жылжымалы немесе көтергіш-түсіру есіктері және қақпалары, оның ішінде темір жол жылжымалы құрамына арналған қақпалар, айналмалы есіктер, турникеттер және адамдардың еркін өтуіне кедергі келтіретін басқа да заттар орнатылған шығу жолдары жатпайды.

5.2.3 Екі және одан да көп эвакуациялық шығуларының жалпы өткізу мүмкіндігі үй-жайдығы, қабаттағы немесе ғимараттағы барлық адамдарды эвакуациялауды қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.4 Саны екі және одан да көп эвакуациялық шығулары, бытыраңқы орналасуы қажет.

5.2.5 Эвакуациялық шығуының ені, өрт кезінде оларда жатқан адаммен зембілдерді кедергісіз алып өту үшін, ойық немесе есік арқылы эвакуациялық жолдың геометриясын ескере отырып қабылдануы қажет.

5.2.6 Техникалық еденастыларындағы эвакуациялық шығулары ғимараттың жалпы баспалдақ торларына оқшаулануы тиіс.

5.2.7 Техникалық еденастыларындағы эвакуациялық шығулары тікелей сыртқа шығу тиіс.

5.2.8 Дәліздерге орналастыруға тыйым салынады:

- екі метрден кем биiktікте эвакуациялауға кедергі келтіретін жабдық;

- жанғыш сұйықтықтары бар газ құбырлары және құбыржолдар;
- инженерлік коммуникациялар және өрт крандарына арналған шкафттардан басқа кіріктірілген шкафттар.

5.2.9 Дәліздерді өртке қарсы тосқауылдармен секцияларға бөлу қажет.

5.3 Эвакуациялық жолдарда орналасқан құрылыштың элементтеріне қойылатын талаптар

5.3.1 Эвакуациялық жолдардағы адамдарды қорғауды көлемдік-жайғастыру, эргономикалық, инженерлік-техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешенімен қамтамасыз ету қажет.

5.3.2 Жану пайда болған үй-жай шегіндегі эвакуациялық жолдар, онда қолданылатын өрт сөндіру құралдары және тұтінге қарсы қорғау жүйесін есепке алмай, осы үй-жайдан эвакуациялық шығуларына дейін адамдардың қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.3 Үй-жайдан тыс эвакуациялық жолдарды, эвакуациялық жолға шығатын үй-жайлардың функциялық өрт қауіптілігін, эвакуацияланатындардың санын, ғимараттың отқа төзімділік дәрежесін және құрылмалық өрт қауіптілігі класын, қабаттан және жалпы ғимараттан эвакуациялық шығулардың мөлшерін ескере отырып қорғау қажет.

5.3.4 Жаппанаң жанғыш кілемі бойынша эвакуациялық жол өткелдің еніне жанбайтын құрылыш материалымен жабылуы тиіс.

5.3.5 Эвакуациялық жолдардағы жарықтандыру ҚР ҚН 2.04-01 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.3.6 Эвакуациялық жолдарды лифт шахталары және эскалаторлар арқылы төсеуге тыйым салынады.

5.3.7 Эвакуациялық жолдарда бұрандалы баспалдақтарды, баспалдақтар маршы және баспалдақ торлары шегінде орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.3.8 Эвакуациялық жолдарда баспалдақ маршының және баспалдақ торының шектерінде де әр түрлі енімен басқыштары бар сатыларды орналастыруға рұқсат етілмейді

5.3.9 Эвакуациялық жолдарда баспалдақ маршының және баспалдақ торының шектерінде әртүрлі биіктікегі сатыларды орналастыруға рұқсат етілмейді.

5.3.10 Үй-жайлардағы және үй-жайлардан тыс эвакуациялық жолдардағы құрылыш құрылмаларының беткі қабаттарының құрылыш материалдарының өрт қауіптілігі үй-жай және ғимараттың функциялық өрт қауіптілігіне байланысты ескере отырып қабылдану тиіс.

5.3.11 Ортақ дәліздердегі, холлдардағы, фойлердегі, вестибюльдердегі, галереялардағы эвакуациялық жолдардың қабырғаларының немесе арақабырғаларының биіктігі еденнен аражабынға, жабынға дейін болуы тиіс.

5.3.12 Эвакуациялық жолдардың участекерін басқа үй-жайлардан бөлөтін қабырғалар және арақабырғаларды сыртқы қабырғалардың бітеге участекеріне бекіту қажет.

5.3.13 Эвакуациялық жолдардың участекерін басқа үй-жайлардан бөлөтін қабырғалар және арақабырғаларда есіктермен, люктермен, жарықтөкізгіш құрылмаларымен және басқа да бітеге элементтермен, оның ішінде ілме төбелердің үстінен және қуыс едендердің астынан толтырылмаған ашық ойықтарға тыйым салынады.

5.3.14 Эвакуациялық жолдардағы жылжымалы арақабырғалары ашық болуы тиіс.

5.3.15 Әдеттегі жағдайларда эвакуациялық жолдардағы жылжымалы арақабырғалардың келесі элементтері болуы тиіс:

- жабуга арналған қол жетегі;
- өрт автоматикасы жүйелерін сигналдан жабуга арналған автоматты жетек;
- өртке қарсы қорғау жүйесін орталық басқару пультінен жабуга арналған қашықтық жетегі;
- ойықтағы кедергіге тап болған кезде автоматты ашу құрылғысы, жабылу кезінде қашықтан немесе автоматты жетек іске қосылған жағдайда;
- тығыздалған қабысумен өздігінен жабылатын есік.

5.3.16 Ғимараттың бірінші жер үсті қабатымен жерасты немесе ірге қабатының функциялық байланысын қамтамасыз ететін баспалдақтар өрттің және оның қауіпті факторларының таралу мүмкіндігі болмауы тиіс.

5.3.17 Жертөле немесе ірге қабатынан баспалдақ екінші қабатпен 2-ші типтегі эвакуациялық баспалдақпен біріктірілген вестибюль шықпауы тиіс.

5.3.18 3-ші типті баспалдақтар жанбайтын құрылыш материалдарынан орындалуы қажет.

5.3.19 3-ші типті баспалдақтардың эвакуациялық шығуларының деңгейінде баспалдақ аландары болуы тиіс.

5.3.20 Эвакуациялық жолдардағы баспалдақ аландарының ені баспалдақ маршының енінен кем емес қабылдау қажет.

5.3.21 Егер ғимаратта бір ғана баспалдақ торы болса, онда А және В санаттарындағы Ф5 класти ғимараттардағы баспалдақ торы Н1 типті тұтіндемейтін болуы тиіс..

5.3.22 Биіктігі 28 м артық ғимараттарда Н1 типті тұтінсіз баспалдақторларды қарастыру ету қажет.

5.3.23 Егер ғимаратта бір ғана баспалдақ торы болса, онда биіктігі 28 м артық В1-В4, Г, Д санаттағы Ф5 клас ғимаратындағы баспалдақ торы тұтіндемейтін Н1 типті болуы тиіс.

5.3.24 Егер дәліз өртке қарсы арақабырғалармен секцияларға бөлінген болса, онда тұтіндемейтін баспалдақ торлары дәліздің әртүрлі секцияларымен хабарлануы тиіс.

5.3.25 Эвакуациялық жолдардағы баспалдақ аландарының құрылмалық элементтері сенімді бекітілуі тиіс.

5.3.26 Барлық үй-жайлардан эвакуациялық жолдардың еден жабыны тайғақ емес бетпен болуы тиіс.

5.3.27 Н1 типті тұтіндемейтін баспалдақ торларына апаратын сыртқы ауа аймағы арқылы өтетін өткелдер құрылмалық және көлемдік-жайғастыру шешімдерінің есебінен тұтіндемейтін болуы тиіс.

5.3.28 Н1 типті тұтіндемейтін баспалдақ торларына апаратын сыртқы ауа аймағы арқылы өтетін өткелдерді ашық орналастыру қажет.

5.3.29 Н1 типті тұтіндемейтін баспалдақ торларына апаратын сыртқы ауа аймағы арқылы өтетін өткелдерді ғимараттың ішкі бұрыштарына орналастыруға тыйым салынады.

5.3.30 Н1 тұтіндемейтін баспалдақ торының сыртқы ауа аймағы қоршаулы болуы тиіс.

5.3.31 Баспалдақ торлары ғимараттың аумағына тікелей немесе вестибюль арқылы, жапсарлас дәліздерден есіктері бар арақабырғалармен бөлінген, сыртқа шығуы болуы

тиіс.

5.3.32 Л1 типті баспалдақ торларын, әр қабатта әйнектелген ойықтармен болуы тиіс.

5.3.33 Л2 типті баспалдақ торларының жабынында марштар арасындағы саңылауы бар әйнектелген ойықтар немесе баспалдақ торының барлық биіктігіне арналған жарық шахтасы болуы тиіс.

5.3.34 Эвакуациялауға арналған баспалдақтардың қоршаулары болуы тиіс.

5.3.35 Баспалдақ торларында орналастыруға тыыйм салынады:

- жанғыш газдар және сұйықтықтары бар құбыржолдар;

- инженерлік коммуникациялар және өрт крандарына арналған шкафттардан басқа кіріктірілген шкафттар;

- дәліздер және баспалдақ торларын жарықтандыруға арналған ашық орналасқан электр кабельдері және сымдары (төмен токты құрылғыларға арналған сымдарды қоспағанда);

- жүк лифттері және жүк көтергіштерінен шығулары.

5.3.36 Баспалдақ торларында кез келген мақсаттағы үй-жайларда кіріктіруге рұқсат етілмейді.

5.3.37 Н1, Н2, Н3 типті баспалдақ торларынан шығуларын сыртқа қарай қарастыру қажет.

5.3.38 Н2 және Н3 типті баспалдақ торлар үшін тұтінге қарсы қорғаныс жүйесін қарастыру қажет.

5.3.39 Баспалдақ торларындағы жабдықты эвакуациялауға кедергі келтірмейтіндегі етіп орналастыру қажет

5.3.40 Н2 типті баспалдақ торларындағы терезелер ашылмайтын болуы тиіс.

5.3.41 Тұтіндемейтін баспалдақ торларында жылдыту аспаптарынан басқа аспаптарды орнатуға тыыйм салынады.

5.3.42 Егер екі баспалдақ торынан эвакуациялық шығулары ортақ вестибюль арқылы орналастырылса, онда вестибюльге шығуынан басқа, баспалдақ торларының минимум біреуі сыртқа шығу тиіс.

5.3.43 Егер жалпы вестибюль арқылы, эвакуациялық шығулар баспалдақ торларының екеуден артық болса, яғни баспалдақ торларының минимум 50% вестибюльге шығудан басқа, сыртқа шығу жолы болуы тиіс. Баспалдақ торлардың тақ мөлшері кезінде, тікелей сыртқа шығу арқылы бірге артық болуы тиіс.

5.3.44 Эвакуациялық шығуларының есіктері, келесі үй-жайлардағы есіктерді қоспағанда, ғимараттан шығу бағыты бойынша ашылуы тиіс:

- Ф1.3 класты ғимараттардағы пәтерлері;

- Ф1.4 класты ғимараттардағы үй-жайлары;

- А және Б санаттарындағы үй-жайлардан басқа, бір мезгілде 15 адам болғаннан артық емес үй-жайлары;

- тұрақты жұмыс орындары жоқ ауданы 200 м² артық емес қамбалары;

- санитариялық тораптары;

- 3-ші типті баспалдақ алаңдарына шығу жолдары.

5.3.45 Эвакуациялық шығуларының есіктері үшін кілтсіз және электромеханикалық немесе электромагниттік құрылғысыз ішінен еркін ашуға кедергі келтіретін тиек болуына рұқсат етілмейді.

5.3.46 Эвакуациялық шығуларының есіктері, ғимараттан сыртқа шығу есіктерінен

басқа, өздігінен жабуға арналған құрылғылармен жабдықталуы қажет.

5.3.47 Үй-жайдан еріксіз түтінге қарсы қорғаныспен эвакуациялық шығуның есіктері, оның ішінде дәліздерден және тұрақты ауаны қысумен тамбур-шлюздерден өздігінен жабуға арналған құрылғылармен және қабысадағы тығыздағышпен жабдықтау қажет.

5.3.48 Еріксіз түтінге қарсы қорғаныспен үй-жайлардан, оның ішінде ашық күйде пайдаланылатын дәліздерден, есіктер өрт кезінде жабуға арналған автоматты құрылғылармен жабдықталуы қажет.

5.3.49 Өрт бөліктерінің арасындағы есіктер өртке қарсы, құлыптарсыз өздігінен жабылатын, қабысадағы тығыздағышпен болуы және ең жақын шығу бағытында ашылуы тиіс.

5.3.50 Құлыпталатын, пайдалану шарттары бойынша эвакуациялық жолдардағы есіктер үшін «антинапіка» типіндегі тиектерді қарастыру қажет.

5.3.51 Жалпы дәліздерге апаратын баспалдақ торларының есіктерінде лифт холлдарының есіктерінде өздігінен жабуға және қабысадағы тығыздағышқа арналған құрылғылар болуы тиіс.

5.3.52 Өрт кезінде ауаны қысатын тамбур-шлюздердің есіктері және еріксіз түтінге қарсы қорғанысы бар үй-жайлардың есіктерінде өрт кезінде жабуға және қабысадағы тығыздағышқа арналған автоматты құрылғылар болуы тиіс.

5.3.53 Тамбур-шлюздердің есіктерін жанбайтын материалдардан орындау қажет.

5.3.54 Биіктігі 50 м артық ғимараттарда эвакуациялау жолындағы қонақ үй нөмірлерінен, апартаменттерден немесе пәтерлерден шығуларының есіктері, баспалдақ торларының есіктері, коммуникациялық шахталардың есіктері (люктері) өртке қарсы болуы тиіс

5.3.55 Атриумға шықпайтын үй-жайлардан эвакуациялау жолдарын атриум арқылы салуға тыйым салынады.

5.4 Лифттер және лифт шахталарына қойылатын талаптар

5.4.1 Өрт лифттерін қоспағанда, ғимараттар және жерусті имараттарындағы лифттер және көтергіштер өртті анықтаудың автоматты жүйелері іске қосылған немесе орталық басқару пультінің диспетчері өртке қарсы қорғау жүйелерін іске қосқан жағдайда автоматты түрде бірінші қабатқа түсіу және токтан ажыратылуы тиіс, лифтілерде адамдар болған кезде ашып және лифтіден шыққаннан кейін есіктерді жабу.

Ескертпе - Өрт лифтілері - «Өрт қаупі» жұмыс режимінде өртке қарсы бөлімшелерді тасымалдауға арналған лифттер.

5.4.2 Өрт лифттерін қоспағанда, жерасты имараттарындағы лифттер және көтергіштер өртті анықтаудың автоматты жүйелері іске қосылған немесе орталық басқару пультінің диспетчері өртке қарсы қорғау жүйелерін іске қосқан жағдайда автоматты түрде бірінші жер үсті қабатқа көтерілуі және токтан ажыратылуы тиіс, лифтілерде адамдар болған кезде ашып және лифтіден шыққаннан кейін есіктерді жабу.

5.4.3 Шағын жүк лифттерінен басқа, бір лифт холлында орналасқан өрт лифттер өрт сигнализациясы жүйесі автоматты команда бойынша бір түтін өрт хабарлағыштарының іске қосылған кезде «Өрт қаупі» жұмыс режиміне ауыстырылуы тиіс.

5.4.4 Лифт холлдарында, шахталарда және машина үй-жайларында су өрт сөндіру

жүйелерінің қондырғыларын қолдануға рұқсат етілмейді.

5.4.5 Функционалдық өрт қауіптілігінің барлық кластарындағы ғимараттардағы өрт лифтілері биіктігі 28 м артық, Ф1.3 класты ғимараттардан басқа, жылдам көтерілу мүмкіндігі болуы тиіс.

5.4.6 Өрт лифтінің кабиналары жанбайтын материалдардан орындалуы тиіс.

5.4.7 Өрт лифтінің кабиналары негізгі қондыру қабатымен және өртке қарсы қорғау жүйесі орталық басқару пультімен екі жақты байланыспен жарактандырылуы тиіс.

5.4.8 Негізгі қондыру қабатындағы өрт лифтімен байланыс құралдары өрт лифтілеріне кіреберіске жақын және өртке қарсы қорғау жүйесі орталық басқару пультіна орнатылуы тиіс.

5.4.9 Өрт лифттерін басқару жүйесі лифттердің жұмысын қалыпты пайдалану режимінде, сондай-ақ «Өрт қаупі» режимінде қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.10 «Өрт қаупі» режимінде өрт лифтін басқару тікелей лифт кабинасынан жүзеге асырылуы тиіс.

5.4.11 «Өрт қаупі» режимін қосқан кезде өрт лифті негізгі қондыру қабатына келуі тиіс.

5.4.12 «Өрт қаупі» режимінде өрт лифтін басқару мүмкін болатын аялдамалардың кез келген санын көздеуі тиіс.

5.4.13 Өрт лифті кабиналарының есіктерінде жарықты бақылау құрылғысы болмауы тиіс.

5.4.14 Биіктігі 28 м артық ғимараттардағы өрт лифтілерін басқару жүйелері, Ф1.3 класты ғимараттардан басқа, 1-ші санатты электр қабылдағыштары болуы тиіс.

5.5 Терезелерге, ойықтарға және басқа құрылымыс элементтеріне қойылатын талаптар

5.5.1 Сыртқы қабырғаның жоғарғы бөлігінде, терендігі 30 м дейінгі үй-жайларда ашылатын терезе ойықтары болған кезде терезе ойықтарының ауданын өрт кезінде түтін жоюды есептеу бойынша анықтау қажет.

5.5.2 Биіктігі төрт қабаттан асатын ғимараттардағы баспалдақ торларының ішкі қабырғаларында есіктер және есіктердің ұстіндегі фрамугаларды әйнектеу армирленген шыныдан болуы тиіс.

5.5.3 Силикат шыныдан жасалған жоғарғы жарық фонарларында оларды түтін жойғыш жүйесінде қолданған кезде төменгі жағында қорғаныс торы болуы тиіс.

5.5.4 Отқа төзімділіктің I, II және III дәрежелі ғимараттарында орналастырылатын ұстындар және этажеркалар және аландардың аражабындарының құрылымыс материалы ЖБ тобынан болуы тиіс.

5.5.5 Едендердің құрылмалық шешімдері КР ҚН 3.02-36 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.5.6 Жанғыш сұйықтықтар өндірілетін, қолданылатын немесе сақталатын үй-жайлардағы еден материалдары ЖБ топтардан болуы тиіс.

5.5.7 Қоқыскұбырының оқпаны ауа өткізбейтін, құрылымыс құрылмаларынан дыбыс өткізбейтін болуы тиіс және тұрғын үй-жайларға жанааспауы тиіс.

5.5.8 Жанғыш және женіл тұтанатын сұйықтықтары бар сыйымдылықтар және технологиялық жабдықтардың айналасында жанғыш және женіл тұтанатын

сұйықтықтардың төгілу алаңдарын шектеу үшін шаралар қарастыру қажет.

5.5.9 Сыйымдылықтар және технологиялық жабдықтардың айналасына жанғыш және жеңіл тұтанатын сұйықтықтардың төгілуінің рұқсат етілген алаңы осы алаңдағы жергілікті өртті сөндіру шарттарынан алғашқы өрт сөндіру құралдарымен және алғашқы келген өртке қарсы қызмет бөлімшелерімен, сондай-ақ адамдарды қауіпсіз эвакуациялауды қамтамасыз етуді және көршілес жабдықтар және өртке төзімділігі төмен немесе Г3, Г4 топтарының материалдары бар құрылыш құрылмаларына жоғары температураның әсерін шектеуді ескере отырып анықталуы тиіс.

5.5.10 Өрт болған жағдайда сахна порталын жабатын театрлық өртке қарсы переделер түйік болуы тиіс.

5.5.11 Кабельдік арналар ЭОҚ ҚР талаптарына сәйкес болуы тиіс.

5.5.12 Отқа төзімді (термоөшіргіш) шыныны қолдана отырып, жарық өткізгіш элементтерде өндірушінің таңбасы көрсетілуі тиіс тиісті сипаттамаларды қамтиды.

5.6 Көп жарықты кеңістіктерге атриумдарға қойылатын талаптар

5.6.1 Фимараттың жерасты және ірге бөлімінің үй-жайлары және дәліздерінің атриуммен байланысы өрт кезінде ауаны қысумен тамбур-шлюздер арқылы болуы тиіс.

5.6.2 Атриумдардың аражабындары өртке қарсы болуы тиіс.

5.6.3 Атриум жабындары жанбайтын құрылыш материалдарынан орындалуы тиіс.

5.6.4 Атриумның биіктігі ол орналасқан өрт бөлігінің биіктігінен аспауы тиіс.

Ескертпе - Атриумның биіктігі - бұл атриумның төменгі қабатының едені және атриумның жабыны немесе жарық фонарынің нүктесінің жабыны белгілерінің максималды айырмашылығымен анықталатын арақашықтық.

5.6.5 Атриумдардың ішкі беттерін әрлеу жанбайтын құрылыш материалдарынан орындалуы тиіс.

5.6.6 Механикалық әрекеті бар тұтін жойғыш жүйесі жану өнімді атриумның бірнеше деңгейінен, жоғарғы бөлімін қоса, бірден жоюы тиіс.

5.6.7 Егер бұл жүйелер өртке қарсы қорғау сұлбасына қатыспаса, атриумды ағынды-сорғылы желдету және баптау жүйесі өрттен қорғау жүйелері іске қосылған кезде автоматты түрде ажыратылуы тиіс.

5.6.8 Автоматты режимде тұтін жойғыш клапандары өрт хабарлағыштарының сигналдарынан ашылуы тиіс.

5.6.9 Тұтін жойғыш клапандардың ашылуына жабындарда атмосфералық жауын-шашын кедергі келтірмеуі тиіс.

5.6.10 Атриумның өрттен қорғау жүйелерінде келесі қосу режимдері болуы тиіс:

- автоматты;
- қашықтан.

5.6.11 Атриумның өртке қарсы қорғау жүйесі қашықтан қосылуы өртке қарсы қорғау жүйесі орталық басқару пультінен жүзеге асырылуы тиіс.

5.6.12 Қашықтан ашу режимінде клапандар баспалдақ торларында орнатылған батырмалардан ашылуы тиіс.

5.6.13 Атриумдардың ауданы өртке қарсы тосқауылдармен бөлінбеуі тиіс.

5.6.14 Тұтінге қарсы переделер келесілерге бөлінеді:

- стационарлық;

- төмендетілген.

5.6.15 Төмендетілген тұтінге қарсы перделере келесі басқару режимдері болуы тиіс:

- автоматты;
- қашықтан;
- қолмен.

5.6.16 Төмендетілген тұтінге қарсы перделер тұтін өрт хабарлағыштары бар өрт сигнализациясы жүйелерінен автоматты түрде іске қосылуы тиіс.

5.6.17 Атриумды және онымен байланысты үй-жайларды қамтитын ғимараттың бөлімі өрттен қорғау жүйесімен жабдықталған өрт бөлігіне бөлінеді.

5.6.18 Өрт бөлігін өртке қарсы қорғау жүйелерімен жабдықтау қажет, егер өрт бөлігі дренчерлік шымылдық атриумы бар іргелес өрт бөлігінен бөлінген болса.

5.6.19 Атриумдардан өрт кезінде тұтінді кетіру үшін қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес сорғыш желдегу жүйесін қарастыру қажет.

5.6.20 Атриумға шығатын барлық үй-жайлардан эвакуациялық жолдар горизонталь өткел (галерея) арқылы өтуі тиіс.

5.6.21 Көп жақты кеңістіктен құрылыш құрылмаларымен бөлінбеген галерея кеңістігінде, егер көп жақты кеңістіктің биіктігі 15 метрден артық болса, көп жарықты кеңістіктің көлеміне тұтіннің таралуына кедергі келтіретін шараларды қарастыру қажет.

6 ҚҰРЫЛЫС ҚҰРЫЛМАЛАРЫНА ЖӘНЕ ӨРТКЕ ҚАРСЫ ТОСҚАУЫЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Қотеруші және қоршау құрылмаларына қойылатын талаптар

6.1.1 Тұтас қима элементтерімен немесе қылышатын құрылманың қалындығынан кем емес, оның ішінде үй-жайлар және дәліздердің контуры бойынша қалындығы жанбайтын құрылыш материалдарынан жасалған санырау диафрагмалармен бөлінген бос орындарды қоспағанда, ғимараттардың қабырғаларында, арақабырғаларында, аражабындары және жабындарында, сондай-ақ мүшелену тораптарында бос орындардың болуына рұқсат етілмейді.

Ескертпе - Аталған талаптар ғимараттардың сыртқы жылу оқшаулаудың және әрленуіне қолданылмайды.

6.1.2 Жасырын жанудың таралуына ықпал ететін құрылыш құрылмаларына тыйым салынған.

6.1.3 Өрт қауіптілігі бойынша K1, K2, K3 класти, сондай-ақ қуыстары бар құрылыш құрылмалары үшін өрттің таралуын шектеуге құрылмалы элементтер қарастырылу қажет.

6.1.4 Қуыстарда өрттің таралуын шектейтін құрылмалы элементтерге ескектер, белдеулер, диафрагмалар және қалқаншалар жатады.

6.1.5 Өрт қауіптілігі бойынша K1, K2, K3 класти құрылыш құрылмалары бойынша өрттің таралуын шектеуге арналған ескектер, белдеулер, диафрагмалар және қалқаншалар ЖБ тобының құрылыш материалдарынан жасалуы тиіс, құрылмаларды тілімдеуші және олардың беттерінен шығып тұратын болуы тиіс.

6.1.6 Жарық өткізгіш элементтерден жасалған ғимараттың қоршау құрылмалары ғимараттың отқа төзімділік дәрежесіне сәйкес отқа төзімділік шегі болуы тиіс.

6.1.7 Галерея үйлеріндегі галереялардың құрылыш құрылмалары үшін отқа төзімділік шегі және өрт қауіптілігі класы аражабындар үшін қабылданған мәндерге сәйкес болуы тиіс.

6.1.8 А, Б, В1-В4 санатындағы үй-жайлары бар ғимараттарда орналастырылатын болат этажеркалардың көтеруші құрылмалары ғимараттың отқа төзімділігінің тиісті дәрежесі кезінде аражабынның отқа төзімділік шегіне тең отқа төзімділік шегімен қарастырылуы тиіс.

6.1.9 Егер әр түрлі дәрежедегі ғимараттар және корпустар өтпемен қосылса, онда өтпе құрылыш құрылмаларының отқа төзімділік дәрежесі ғимарат құрылмасының отқа төзімділік дәрежесіне сәйкес болуы тиіс.

6.1.10 Егер отқа төзімділік дәрежелері бірдей ғимараттар және корпустар өтпемен жалғанса, онда өтпенің құрылыш құрылмаларының отқа төзімділік дәрежесі ғимарат құрылмасының отқа төзімділік дәрежесіне сәйкес болуы тиіс.

6.1.11 Жанғыш газдар, сұйықтықтар және материалдар қолданылатын, сақталатын немесе тасымалданатын үй-жайларды бөлетін өртке қарсы тосқауылдардағы есіктер, қақпалар және люктер, сондай-ақ осы үй-жайлар жағынан жанғыш тозаңның пайда болуымен байланысты процестер қарастырылады, оларды жанбайтын материалдардан орындау қажет.

6.1.12 Құрылыш құрылмаларының өрттен қорғау құралдарының тиімділігі, сынақтар арқылы, құрылыш құрылмаларының өртке төзімділік шектерін немесе өрт қауіптілік кластарын анықтау жолымен бағалануы тиіс.

6.1.13 Құрылмалардың ашық бетіне жағылған оттан қорғау құралдары, құрылмалардың беткі қабаттарының материалдарына қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс және қорғалатын құрылманың өрт қауіптілігін арттырмауы тиіс.

6.1.14 Басқа құрылымдар үшін тірек болып табылатын, құрылманың R белгісі бойынша отқа төзімділік шегі тірелетін құрылманың отқа төзімділік шегінен кем емес болуы тиіс.

6.1.15 Жанбайтын материалдардан жасалған сыртқы қабырғаларға жанақанда өртке қарсы аражабындардың отқа төзімділік шегі түйісетін тосқауылдардың отқа төзімділік шегінен кем емес болуы тиіс.

6.1.16 К1, К2 және К3 кластарының сыртқы қабырғалары бар немесе өрт қауіптілігі класына қарамастан аспалы қабырғалары бар немесе аражабын деңгейінде орналасқан немесе әйнектеуі бар ғимараттардағы өртке қарсы аражабындар осы қабырғалар және әйнектеуді қызып өтуі тиіс.

6.1.17 Өртке қарсы аражабындар жанбайтын құрылыш материалдарынан жасалған, саңылаусыз сыртқы қабырғаларға жанасуы тиіс.

6.1.18 V қоспағанда, отқа төзімділіктің барлық дәрежесіндегі ғимараттардағы сыртқы қабырғалардың сыртқы беттерінің желден қорғанысы және жылу оқшаулағыш материалдары жанбайтын материалдардан болуы тиіс.

6.1.19 Ғимараттардың қабырғаларында, арақабырғаларында, аражабындарында, жабындыларында және басқа да қоршау құрылмаларында, құыстарды қоспағанда, Г3 және Г4 топтарының материалдарымен шектелген тұйық кеңістіктерге (бұдан әрі - құыстар) рұқсат етілмейді:

- бітеу диафрагмалармен участекелерге, сондай-ақ ішкі қабырғалардың контуры

бойынша бөлінген аражабындар және жабындардың ағаш құрылмаларында;

- металды пішінделген табақ және бу оқшаулау қабаты арасында, егер бу оқшаулау қабатының артында (оның ішінде бу оқшаулау қабаты жок) ЖБ, Г1, Г2 топтарының материалынан жылуұстағыш орналасқан болса. Г3 және Г4 топтарының материалдарынан жылуұстағыш кезінде (оның ішінде бу оқшаулау қабаты жок), бұл құystар табақтардың бүйірлері бойынша ұзындығы 0,25 метрден кем емес ЖБ, Г1, Г2 топтарының материалдарымен толтырылады;

- К0 тобының құрылмалары және олардың Г3 немесе Г4 топтарының материалдарынан жасалған бөлмелер жағынан қаптамалары арасында, бұл құрылмалар бітеу диафрагмалар участекелерге бөлінген жағдайда.

6.2 Өртке қарсы тосқауылдарға қойылатын талаптар

6.2.1 Ғимараттар, имараттар және өрт бөліктері шегінде өртке қарсы тосқауылдар функцияларын орындайтын құрылымдың құрылмаларына өртке қарсы қабырғалар, арақабырғалары және аражабындары, өртке қарсы перделер, перделер және экрандар жатады.

6.2.2 Өртке қарсы тосқауылдың өрт қауіптілігін оның бекіту тораптары бар қоршау бөлімінің өрт қауіптілігі бойынша және өртке қарсы тосқауылдың орнықтылығын қамтамасыз ететін құрылмалар бойынша анықтау қажет.

6.3 Өртке қарсы қабырғалар және арақабырғаларға қойылатын талаптар

6.3.1 Өртке қарсы қабырғалар көтеруші емес, көтеруші немесе өзін көтерушілермен орындалады.

6.3.2 Ғимаратты өрт бөліктеріне бөлетін өртке қарсы қабырғалар өрт ошағы жағынан ғимарат құрылмалары опырылған кезде өртті горизонталь іргелес өрт бөлігіне таратпауды қамтамасыз етуі тиіс.

6.3.3 Әр түрлі биіктікегі өрт бөліктерінің арасында орналасқан өртке қарсы қабырғаның анағұрлым жоғары бөлікпен анықтау қажет.

6.3.4 Әр түрлі ені бар өрт бөліктерінің арасында орналасқан өртке қарсы қабырғаның анағұрлым енді бөлікпен анықтау қажет.

6.3.5 Өртке қарсы қабырғалар іргетастарға немесе іргетас арқалықтарына тірелуі керек.

6.3.6 Өртке қарсы қабырғалар, таспалы немесе витриналық әйнектеумен жанбайтын материалдардан жасалған сыртқы қабырғаларды орнату кезінде әйнектеу бөлінуі тиіс.

6.3.7 К1, К2 немесе К3 кластарының сыртқы қабырғалары бар ғимараттардағы, сондай-ақ сыртқы, аспалы қабырғалары бар ғимараттардағы кез келген типтегі өртке қарсы қабырғалар және 1-ші типті өртке қарсы арақабырғалары, олардың өрт қауіптілігі класына қарамастан, сыртқы қабырғаларды қылп өтіп және сыртқы қабырға жазықтығынан шығып түруи тиіс.

6.4 Жаппаларға қойылатын талаптар

6.4.1 Көтеруші пішінделген болат төсемдері бар жабындарда жанғыш материалдары,

тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары және газдары бар аппараттар және жабдықтарды орнатуға рұқсат етілмейді.

6.4.2 Отқа төзімділігі I - IV дәрежелі ғимараттардағы жанғыш материалдардан жасалған шатырасты жабындыларының стропилі және торламасын оттан қорғайтын өндөуге жатқызу немесе олардың жасырын жануына ықпал етпейтін құралмалық оттан қорғауды орындау қажет.

6.4.3 Егер стропил және (немесе) торламалар жанғыш материалдардан жасалған болса, онда отқа төзімділігі I - IV дәрежелі ғимараттардағы шатырасты жабындармен жанбайтын материалдардан орындау қажет.

6.4.4 Егер пайдаланылатын жаппада немесе арнайы жабдықталған жаппаның участекінде эвакуациялық шығу қарастырылса, онда адамдарды орналастыруға арналған жаппаның участекінде құрылышы материалы жанбайтын болуы тиіс.

6.4.5 Г3 немесе Г4 жанғыштық топтарының материалдарынан жасалған жабындардың өртке қарсы белдеуі жазық жаппалардың астына, оның ішінде жылу оқшаулағыштың түбін осы материалдардың барлық қалындығын кесіп өтуі тиіс.

Ескертпе - «Жаппа астындағы негіз» термині ҚР ҚН 3.02-37 Шатырлар және жаппалар келтірлген.

6.4.6 Жаппалардың өртке қарсы белдеулерін ҚР ҚН 3.02-37 бойынша пайдаланылатын жаппаның қорғаныш қабаттары ретінде орындау қажет.

6.4.7 Металды пішінделген төсеммен және Г1-Г4 топтарының материалдарынан жасалған жылу оқшаулағыш қабатпен ғимараттардың жабындарында төсемдердің қырларының қуыстарын толтыруды қарастыру қажет.

6.4.8 Қабырғаларға, деформациялық жіктеге, фонарь қабырғаларына, сондай-ақ жаппаның шатыржалының және шатырнауаның әр жағынан, төсемнің жанасу аймақтарында металл пішінделген төсеммен ғимараттардың жабындарындағы төсем қырларының қуыстарын толтырудың құрылышы материалы ЖБ тобында болуы тиіс.

7 ИНЖЕНЕРЛІК ЖҮЙЕЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1 Ғимараттарды өртке қарсы қорғау жүйелеріне келесілер кіреді:

- тұтінге қарсы қорғау жүйесі;
- ішкі өртке қарсы сумен қамту жүйесі және автоматты өрт сөндіру жүйесі;
- өрт лифттері;
- автоматты өрт сигнализация жүйесі;
- өрт туралы құлақтандыру және адамдарды эвакуациялауды басқару жүйесі;

7.2 Автоматты өрт сөндіру жүйесі және ғимараттардың өрт сигнализация жүйесі ҚР ҚН 2.02-02 талаптарына сәйкес болуы тиіс.

7.3 Өрт сөндіру жүйесі шығын, өрт сөндіру құралын беру қарқындылығы және сөндіру уақыты бойынша онтайлы жағдайларды қамтамасыз етуі тиіс.

7.4 Өртке қарсы қорғау жүйелері өртке қарсы қорғау жүйесінің бір орталық басқару пультінен басқарылуы тиіс.

